

2026 жылға үйден қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 9 қаулысы Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік кодексінің 142 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31- бабының 14-тармағына сәйкес, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығы, Абай облысының әкімдігінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді бекіту туралы" № 155 қаулысы негізінде сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылға арналған үйден қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтері бекітілсін.

2. Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі осы қаулыдан туындайтын шаралардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Б. Сапоровқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А. Ибраев

Бородулиха ауданы әкімдігінің
2026 жылғы "16" қаңтардағы
№ 9 _____
қаулысына қосымша

№	Қызметтер алушылар	Күніне 1 қызмет алушының тарифі (теңге)
1	Үйден қызмет алатын мүгедектігі бар адамдар және егде жастағы жалғыз басты қарттар	3740,0
2	Үйден қызмет алатын психоневрологиялық ауытқулары бар еңбекке жастағы қабілетті адамдар	3740,0
3	Үйден қызмет алатын мүгедектігі (I,II топ) бар балалар	3740,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК